

**2022-2023 оқу жылы 21.11-25.11.22 ж аралығында
өтетін «Жаратылыстану пәндер» бірлестігінің апталық есебі**

1. «Жаратылыстану пәндер» бірлестігінің апталығының ашылуы:
2. Ашық сабақтардың өтілуі
3. Жаратылыстану пәні бірлестігінің интеллектуалды сайыстардың өтілуі
4. «Жаратылыстану пәндер» бірлестігінің апталығының салтанатты түрде жабылуы

Мақсаты: Жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру және оқушыларды ізденіп білімдерін толық меңгеруіне әсер ету, ұғындыру. Әрбір пәндер өмірдегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.

21.11.2022 ж күні салтанатты түрде «Жаратылыстану пәндер» бірлестігінің апталығының салтанатты түрде «Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғыық, көз жетпейтін тым биік» атты апталығын, мектебіміздің оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Садирова Ұ.Б ашып берді және осы апталықтың сәтті, қызықты өтуін тілеп, тілек білдіріп өтті. Жоғарғы сынып оқушылары апталықтың ашылуына белсене қатысты. Пән мұғалімдері сұрақ-жауаптар, қызықты логикалық сұрақтармен, ойындар өткізілді. 10.50



Мектебіміздің жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі Гульмира Кушановна сөз сөйледі. Шымкент қаласы «Туған мектебі»-нде «Жаратылыстану ғылымның құпиясы тұңғыық, көз жетпейтін тым биік » аясында бұрышы ашылды. Мақсаты-оқушыларды қызықтыру , жетілдіру , оқушылардың білімге құштарлықтарын арттыру.

21.11.2022 ж күні математика пәні мұғалімі Талипова Гульмира Кушановна 5ә-сыныпқа «Жай бөлшектерді қосу және азайту » тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты жай бөлшектерді қосу және азайтуды білу, о1тақ бөлімге келтіруді білу;



23.11.2022 ж күні 09.05 сағатта Бейсенова Роза географиядан «Дүние жүзі мұхиттың географиялық жағдайы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты мұхиттарды білу және орналасуы мен географиялық жағдайын, орналасуын білу;

24.11.2022 ж күні 10.50 сағатта Ералиева Диана информатикадан «Растрлық суреттерді өңдеу» тақырыбында сайыс сабағын өткізді. Сабақта көрнекілік құралдардан орынды пайдалана білді. Осы күні 12.30 сағатта технолог Арыстан Гүлнұр Нұрланқызы «Көркемдік кестемен бұйымды безендіру» тақырыбында оқушыларға кестелердің түр-түрлерін үйретіп, қызықтыра білді және үйретті;

25.11.2022 ж күні 09.50 сағатта физикадан «Сапалық есептер шығар» тақырыбында инерция туралы сыныптарды топқа бөліп, жаңа тақырыпты қорғады.



25.11.2022 ж күні 09.50 сағатта математикадан «Қызықты математика» атты сайысы 6-сыныптар арасында болып өтті. Сайыста -1. Таныстыру. 2. Қызықты ойын. 3. Сан қатысқан айту. 4. Қызықты математикалық сұрақтар. 5. Капитандар жарысы. Сайыста бә -сыныбы жеңіске жетті және марапатталды. Осы күні жаратылыстану пәні мұғалімі Избасарова Ақнұр «Физикалық және химиялық құбылыстар» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті.

25.11.2022 ж күні сағат 12.00 де 7,8-сыныптар арасында «Туған көшбасшысы» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Музыка пәнінің мұғалімі Ешбаев Ерғали «Менің елім» атты ән шашумен ашып берді. Сайыс өте жақсы өтті, барлық сұрақтарға дұрыс жауап беріп жоғары балл жинаған 7а-сынып оқушысы Жамбыл Сәуле жеңімпаз болып «Туған көшбасшысы» атанды және марапатталды. Сонымен жаратылыстану апталығын мектебіміз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садирова Ұ.Б сөз сөйлеп оқушыны марапаттап жауып өтті.

